

**«№1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақашасы» МКҚК-ның қамқоршылық кеңес
отырысы
ХАТТАМА №2**

Өтілген күні: 22.11.2024 жыл

Қатысқандар: 11 адам

Комиссия мүшелері:

Избасканова Дания
Миронова Александра Вячеславовна
Мурзабаева Ақзия Барқияқызы
Мырзагелдин Куаныш Танжарыкулы
Баймагамбетова Дениза Серікқызы
Рахметова Ақтоты Саматқызы
Болатқызы Айгерім

Шақырылды: Бөбекжай-балабақша меңгерушісі – Г.Ж.Барикова
Бөбекжай-балабақша есепшісі – А.А.Байзакова
Бөбекжай-балабақша медбикесі –Б.Ж. Манаубаева
Бөбекжай-балабақша әдіскері - Л.М.Асанова

Күн тәртібі:

1. 2024-2025 оқу жылында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру.
2. Тәуелсіздік күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыруға жәрдемдесу.
3. Аудан әкімінің атынан «Жаңа жылдық шырша-2024» қатысушы балалардың тізімін бекіту.
4. ҚК мүшелерінің тамақтану нормалары мен СанПин ережелерін орындау жөніндегі қызметкерлердің қызметін бағалау жөніндегі бақылауға қатысуы.
5. Білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасының қызметіне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша тәрбиеленушілердің заңды өкілдерінің сауалнамасының нәтижелері.

І ТЫҢДАЛДЫ: 2024-2025 оқу жылында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру.

СӨЙЛЕДІ: Бірінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Л.Асанова сөз алды.

Республиканың мектепке дейінгі ұйымдарындағы білім беру процесі 2023-2024 оқу жылында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі ұйымдардың барлық түрлерінде балаларды мектепте оқуға табысты дайындау үшін сапалы білім беру қызметтерін ұсынуға бағытталатын болады. 2024-2025 оқу жылына мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу және оқыту, мектепте оқытуға табысты дайындау бойынша сапалы қызметтер көрсету мақсатында келесі міндеттер анықталды:

әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Балабақшаның басымдылық бағыты: Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізі бағыттары:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру;
- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамыту;
- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;

- ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға қоғамның оң көзқарасын қалыптастыру;
- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);
- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етудеп, жаңа оқу жылында басшылыққа алатын нормативтік құжаттармен таныстырып өтті.

Шешім: 2024-2025 оқу жылына арналған негізгі жылдық мақсаттар мен міндеттерді зерделеуді жалғастыру және іске асыру.

II ТЫҢДАЛДЫ: Тәуелсіздік күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыруға жәрдемдесу.

СӨЙЛЕДІ: Төртінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы Избасканова Дания балабақшадағы тәуелсіздік күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыру жұмыстарына көмектесу, топтарды және балабақшаны безендіру жұмыстарын ұйымдастыру туралы айтып өтті.

III ТЫҢДАЛДЫ: Аудан әкімі мен облыс әкімінің Жаңа жылдық шыршасына қатысу

СӨЙЛЕДІ: Үшінші сұрақ бойынша меңгеруші Барикова Г.Ж тыңдалды. Ол балабақша қызметкерлерінің балаларын аудан әкімінің Жаңа жылдық шыршасына қатыстыру туралы ұсынысын айтты.

Сөз алды: қамқоршылық кеңес мүшесі Баймағамбетова Дениза Серікқызы қанағаттанушылық білдірді. Әрбір бала қуануға лайықты. Қызметкерлердің жұмысына деген құрмет көрсету мақсатында балаларын әкімдік ұйымдастыратын шырша мерекесіне қатыстыруды қолдаймын,-деді.

Шешім: Шырша мерекесіне қатысушы балалар тізімі жасақталсын.

IV ТЫҢДАЛДЫ: ҚК мүшелерінің тамақтану нормалары мен СанПин ережелерін орындау жөніндегі қызметкерлердің қызметін бағалау жөніндегі бақылауға қатысуы.

СӨЙЛЕДІ: Қамқоршылық кеңес комиссия төрағасы Избасканова Дания Жылдық жоспарға сәйкес «№1 «Күншуақ»бөбекжай-балабақша» МКҚК-ның қамқоршылық кеңесінің мүшелері СанПин нормалары мен ережелерін орындау бойынша қызметкерлердің қызметін бағалау бойынша рейд жүргізді.

Медицина қызметкері Б.Ж. Манаубаева баланың денсаулығының маңызды факторларының бірі ұтымды тамақтануды ұйымдастыру екенін айтты. Тамақтану-баланың өсуі, физикалық және психикалық дамуы процестерінің қалыпты ағымын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі. Сондықтан біздің бөбекжайдағы тамақтану сапасына көп көңіл бөлінеді.

Балабақшада тамақтануды ұйымдастыру процесі тамақтану бойынша нормативтік және әдістемелік құжаттарға негізделген. Негізгі құжат СанПиН (мектепке дейінгі ұйымдар мен балалар үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар) болып табылады.

МДҰ-да ұсынылатын орташа тәуліктік тамақтану нормаларын ескере отырып, перспективалы он күндік мәзір негізінде күніне үш рет тамақтану ұйымдастырылды.

Балабақшада перспективті мәзір және меңгеруші бекіткен технологиялық карталардың картотекасы бар. Екінші таңғы асқа балалар шырындар, жемістер, түстен кейінгі тағамдар-ашытылған сүт өнімдері, кондитерлік өнімдер алады. Балалардың тамақтануында йодталған тұз қолданылады, үшінші тағам міндетті түрде витаминденеді.

Мәзірді әзірлеу кезінде жас топтары ескеріледі: 2 жастан 3 жасқа дейін және 3 жастан 6 жасқа дейін. Бұл жағдайда ыдыс-аяқтар жиынтығы біртұтас, кіші және үлкен балаларға арналған порция мөлшері әр түрлі.

Балабақшаның ас блогының құрылымы, жабдықтары, мазмұны балалардың қоғамдық тамақтануын ұйымдастырудың санитарлық ережелеріне сәйкес келеді. Ас блогы барлық қажетті технологиялық және тоназытқыш жабдықтармен, өндірістік жабдықтармен, ас үй ыдыстарымен жабдықталған, - деді.

V ТЫҢДАЛДЫ: Сөз алды: қамқоршылық кеңес мүшесі Миронова Александра Вячеславовна балабақшаның материалдық-техникалық базасының қызметіне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша тәрбиеленушілердің заңды өкілдерінен сауалнама алынды. Сауалнама сұрақтарына 62 ата – ана жауап берді, бұл 2023-2024 оқу жылындағы тәрбиеленушілер отбасыларының жалпы санының 75%-н құрайды. Нәтижесінде, ұйымның материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне респонденттердің 91% – ы риза болды, 9% - ы балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсартқысы келді. Балабақша қызметкерлерінің құзыреттілігі респонденттердің 100% - қанағаттандырылды; ұсынылатын қызметтердің сапасы респонденттердің 100% - да қанағаттандырылды. Балабақша қызметкерлерінің мейірімділігі мен сыпайылығы сауалнамаға қатысқандардың 100% - ы бұл балабақшаны таныстары мен туыстарына ұсынуға дайын деп бағалады, - деді.

Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру қанағаттанарлық.

Жауаптылар: мектепке дейінгі мекеменің барлық қызметкерлері, топтардың ата-аналары.

Мерзімі: қыркүйек-мамыр 2024-2025 жж.

2. Тәуелсіздік күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыруға ата-аналарды тартуды ұйымдастыру.

Жауаптылар: қамқоршылық кеңес мүшелері.

Мерзімі: қараша

2. Жаңа жылдық шыршаға қатысушы балалар тізімін жасау, бекіту.

Жауаптылар: меңгеруші, қамқоршылық кеңес мүшелері.

Мерзімі: қараша

Қамқоршылық кеңестің төрайымы

Избасканова Дания

Хатшы

Маханбет А.М

Комиссия мүшелері:

Избасканова Дания

Миронова Александра Вячеславовна

Мурзабаева Ақзия Барқияқызы

Мырзагелдин Куаныш Танжарыкулы

Баймагамбетова Дениза Серікқызы

Рахметова Ақтоты Саматқызы

Болатқызы Айгерім